Тақырып: Халық сеніп отырған партия. Партиялар туралы не білеміз?

2026 жылдың 23 тамызында өткен тарихи сайлаудың нәтижесінде жаңадан құрылған Құрылтайға 5 саяси партия өтті. Орталық сайлау комитетінің жариялаған қорытынды бойынша «ӘDILET» 110 мандат алып көш бастаса, қалған 35 орынды «Ауыл», «Respublica», «Ақ жол», ЖСДП партиялары өзара бөлісті. «Байтақ» және ҚХП партиясы Құрылтайға өту үшін қажет 5% пайыз дауысты жинай алмай , Құрылтайға өтпеді.

Парламент таратылып, орнын Құрылтай басты. Құрылтайға 5 партия өтіп, 145 жаңа депутат белгілі болды. Құрылтайға өткен 5 партия жайлы не білеміз? Олар халыққа қандай уәде берді?

«Әділет» партиясы ең жас партия. Ұйым 2026 жылдың 7 мамырында құрылып, 1 маусымда партияны Әділет министрлігі мемлекеттік тіркеуден өткізді. Басшысы: Айбек Дәдебай. Партия өзін президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған саясатын қолдайтыны жазылған. «Әділет» реформаторлық центризм, парасаттылық, және қоғам алдындағы жауапкершілік бағытын ұстанады. Jibek Joly арнасында өткен теледебатта партия заң алдында бәрі тең болатынын, заң бұзған адам міндетті жауапқа тартылатын айтып, серт берді. Осы өткір мәлімдеменің арқасында «ӘDILET» партиясы 110 мандат алып отыр. Партияның берген уәдесі жай ғана уәде болмаса екен дейді халық.

«Ауыл» партиясы. Елдегі ең ірі аграрлық партия. Партия 2000 жылы 30 қаңтарда құрылып, сол жылдың наурыз айында мемлекеттік тіркеуден өтті. 2015 жылы «Ауыл» партиясы Қазақстан патриоттары партиясымен бірігіп, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы деп аталды. Партия аты атап тұрғандай көбіне ауылдарға мән береді. Ұйым ұзақ уақыттан бері ауыл мен қала арасындағы алшақтықты жоюға тырысып, әрекет жасауда. Әр ауылға барып, халықпен кездеседі. Партия оппозициялық емес және президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатын қолдайды. Партия ауылдар мен инфрақұрылымды дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, білім мен ғылымға, дәстүрлі отбасы құндылықтары қолдауға басымдық беретінін жеткізді.

«Respublica» партиясының пайда болғанына көп болған жоқ. Партия 2022 жылы 3 желтоқсанда құрылды. 2023 жылы 18 қаңтарда партия ресми түрде тіркелді. Партия басшысы Айдарбек Қожаназаров. Партия президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатын қолдайды және жемқорлыққа қарсылық деген бағыт ұстанады. Respublica бизнеске қысым көрсетуде тосқауыл қою, экономикалық ұстанымдарға
сүйену және халықтың тұрмысын жақсартатын нақты

шешімдерге негізделген саяси бәсекені дамыту қажеттілігін айтты.
«Ақ жол» партиясының тарихы 2002 жылы 3 сәуірде басталды. Сол жылы партия құрылып, мемлекеттік тіркеуден өтті.
Басшысы: Дәния Еспаева. Ұйым негізінен бизнес тарапын қолдайды. Jibek Joly арнасында болған теледебатта кәсіп туралы біраз әңгіме көтерілді. Партия отандық бизнес пен пен кәсіпкерлердің құқығын қорғауға,қоғамды демократияландыруға, әлеуметтік мәселелерге басымдық береді. Теледебатта партия шағын және орта бизнесті қолдауға, жемқорлық пен қымбатшылыққа қарсы күресуге, жұмыс орындарын ашуға уәде берді.

ЖСДП (жалпыұлтық социал-демократиялық партиясы) 2006 жылы 10 қыркүйекте құрылып, 2007 жылы 25 қаңтарда тіркелді.
Басшысы: Жармахан Тұяқбай. ЖСДП әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, әлеуметтік әділет орнату, және заң алдында бәрі тең болу мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, ЖСДП үміткерлерді бөлу кезінде әйелдер мен жастардың 30 пайыздық міндетті квотасын 62,5% - ға орындап, жоғары көрсеткіш көрсетті. Ең бастысы сөз бостандығына кепілдік беруге серт берді. Сөз бостандығы туралы сөз қозғаған тек ЖСДП ғана болды.

Осылайша жаңа жүйе бойынша қалыптасқан бір палаталы Құрылтай елдегі саяси реформалардың маңызды кезеңіне айналды. Бес партиядан сайланған 145 депутат тарихи өзгерістер аясына бес жыл бойы заң шығару билігін жүргізеді. Ендігі кезекте жаңадан мандат алған саяси күштердің сайлауалды бағдарламары мен халыққа берген уәделерінің қаншалықты іске асатынын тек қана уақыт көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздер: adilet.partiyasy.kz osdp.kz akzhol.kz respublica.partiyasy.kz auyl.kz nege.kz Jibek joly телеарнасы